


ABOUT HIV

АИТВ-мен өмір сүру

АИТВ диагнозы көп адамның өмірін күрт өзгертеді. Себебі осындай диагноз туралы жаңалық естігенде адамдар қатты эмоционалдық күйзеліске және өзгерістерге ұшырайды.

Бірақ та басқа жағын да ескеруіміз керек, енді сіз жаңа диагнозбен өзіңіздің денсаулығыңызға толықтай күтім жасай аласыз, ал күтімді қалай жасау керектігі туралы ақпаратты АИТВ инфекциясын емдейтін мекемеге хабарласып біле аласыз. Дүние жүзінде АИТВ-позитивті адамдарға қолдау көрсететін жүздеген ұйымдар бар.

Әрине, АИТВ бар деген жаңалық сізді қайғыға ұшыратуы мүмкін. Дегенмен, АИТВ туралы негізгі ақпаратты қамтитын бұл үнпарақ топтамасы сізге бәрін анық түсінуге және өмірдің әрі қарай жалғасатынын көрсетуге көмектеседі.



Бірінші реакция

Адамдар өздерінде АИТВ-инфекциясы бар деген жаңалықты әр түрлі қабылдайды. Мысалы, сіз ештеңе болмағандай тұр жасай аласыз, мағлұматтар жинай бастайсыз немесе сізде бұл жаңалықты сабырлы түрде қабылдауға дәріменсіз болуыңыз мүмкін.

Сіз тіпті өзіңізді кінәлай аласыз, бірақ та АИТВ адамға “сіз оған лайықты болғандықтан ғана” деген себеппен жұқпайды. Сізде АИТВ бар екені, сізді жабайы, ұятсыз және ақылсыз ретінде көрсетпейді.

Көбісі АИТВ-ты өзінің жыныстық қарым-қатынаспен айналысатын серіктесінен жұқтырады. Алайда сіз АИТВ-ты жұқтыру кезінде ол туралы хабарсыз болуыңыз да мүмкін немесе қауіпті аймақта жүргеніңізді түсінбеуіңіз де мүмкін, әлде бір рет болса да бұл туралы ойлауды қажет деп санамаған боларсыз. Бұның барлығы

әрбір адамға тән қасиет және мұндай қауіп-қәтерге әркімнің де жолығуы мүмкін.

Сіз басқа біреуді кінәлай аласыз. Егер сізге вирусты жұқтырған адамды білем деп ойласаңыз онда сіздің ол кісіге деген ашуыңыз түсінікті.

Әйтсе де ол кісі өзінде АИТВ бар екенін білмеуі де мүмкін. Вирусты таратқан адамдар өздері оны бірнеше ай бұрын жұқтырып алған болар, сондықтан вирус бар екендігі жайлы хабарсыз болуы мүмкін – бұл жиі кездесіп тұратын жағдайлар.

Немесе жыныстық сергіңіз сізге өзінің АИТВ бар туралы айтпауы да мүмкін. Егер де сізді бұл жағдай туралы ертерек хабардар еткенде мүмкін бәрі басқаша болар еді. Сол себептен көп адамдар өздерінің осы жағдайы туралы басқаларға айтуға батылдығы жетпейді, өйткені олардың ұяттық сезімінен бөлек қоғам қабылдамайды деген қорқыныш сезімі баулайды. Сондықтан басқаларға айту оңай іс емес, бірақ та осы топтамадағы үнпарақтардың бірі сізге бұл қиындықты жеңуге көмектесе алады.

Медициналық жәрдем алу

Егер сіз АИТВ-тыты жұқтырып алған жағдайда болсаңыз, медициналық жәрдемді көптеген емханалардан және басқа медициналық мекемелерден ала аласыз, бірақ та жәрдемнің сапасы сіздің жер шарының қай жерінде өмір сүріп жатқаныңызға байланысты. Дегенмен, АИТВ-позитивті адамдарға ең сапалы күтім мен емді арнаулы АИТВ-ты емдейтін емханалар қамтамасыз ете алады.

Ұлыбританияда осындай қызметті Ұлттық Денсаулық Сақтау мекемесі атқарады. Бұл емханаларда сіздің қаржылық жағдайыңызға және иммиграциондық мәртебеңізге қарамастан емделу мен көрсетілетін қызмет толығымен тегін. Сізден АИТВ-ты тапқан жағдайда сізге жергілікті емханаға бару міндетті емес, сіз медициналық жәрдем алу үшін қай емханаға барып жәрдем алуды өзіңіз шешесіз.

Қазақстанда АИТВ-қа қарсы ем алу және жәрдем көрсету толығымен тегін. Сізден АИТВ-ты анықтаған жағдайда сізге жергілікті емханаға бару міндетті емес сіз медициналық жәрдем алу үшін қай емханаға баруды өзіңіз шешесіз.

Ең бастысы – ол дәрігердің тағайындаған уақытына барып-тұру. Сонымен қатар өзіңізді жақсы сезіну үшін, АИТВ-ға қарсы дәрі-дәрмектерді дұрыс және жүйелі түрде қабылдауыңыз керек.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

ABOUT HIV

АИТВ-мен өмір сүру

Қолдау көрсету

Әр адамға қажетінше көмек пен қолдау қажет етеді, ал АИТВ-мен өмір сүру өте қиын болар. Сондықтан көмек сұраудан қорықпаңыз және ұялмаңыз.

Сізге өзіңіз әрдайым медициналық жәрдем алып жүрген жерден АИТВ-ға байланысты көмек беруі де мүмкін. Медициналық қызметкерлерден басқа бұндай мекемелерде сізге әртүрлі жағдайлар туралы түсіндіріп беретін және кездесіп жүрген мәселелер жайында сөйлесе алатын қызметкерлер де жұмыс атқаруы мүмкін.

Сондай-ақ АИТВ бар адамдарды қолдайтын жергілікті қоғамдық ұйымдар, олардың мақсаты әрі қарай қалай өмір сүру керектігі жайлы дұрыс ақпарат пен кеңес беру, қолдау көрсету қызметін атқарады.

Тайынбау

АИТВ өміріңізге нүкте қою керек екенінің бірден бір белгісі емес. АИТВ-мен өмір сүріп жүрген көптеген адамдар бұрынғыға қарағанда өздерінің денсаулығына көбірек уақыт пен назар бөле бастайды.. Кейбір адамдар белгілі бір бейімделу мезгілінен өтеді және өміріндегі маңызды мәселелерді қайта қарастырады.

Дегенмен АИТВ-мен өмір сүріп жүрген көптеген адамдар өз жұмыстарын және күнделікті тұрмысын басқа адамдар секілді. АИТВ сізге қарым-қатынас бастауға, балалы болуға немесе болашаққа деген жоспарлар құруға кедергі болмауы керек.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220